

«Теректі негізгі мектебінің» 7-8- сынып жетекшісі Жайықова Айтолқынның тәрбие жұмыстарының 2021-2022 жылдық есебі

Мақсаты: Шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті,еркін және жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Тамыз айында жаңа 2021-2022 оқу жылында 7-8 сыныпқа арналған жұмыс жоспарлары, күнтізбелік жоспарлар, тәрбие жоспарлары жасалып бекітуге ұсынылды.Сыныптағы барлық оқушы оқулықтармен толықтай қамтылды.7- сыныпта жыл басынан 3 оқушы бар. Оның ішінде 2-қыз бала, 1-ұл бала бар. 8- сыныпта жыл басынан 5 оқушы бар. Оның ішінде 2-қыз бала, 3-ұл бала бар.1-ұл бала отбасы жағдайына байланысты қалалық мектепке ауысты. Биылғы оқу жылы 1-қыркүйек «Тәуелсіздік жетістіктері» атты тақырыпта білім күнгі сабақпен басталды.Сондай-ақ, ата-аналармен жиналыс болып өтті. Сыныптың әлеуметтік жағдайы анықталып, ата-ана комитеттерін сайладық.Қыркүйек айында қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында «Мен Отбасыммен мақтанамын», «Өмір қауіпсіздік ережелері» және «Қарттарым-асыл қазынам», рухани адамгершілік тәрбие бағыты бойынша « Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтілді.



Қазан айында көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Ұсатазым менің ұстазым»,қазақстандық патриотизм және

азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағытында «Жаныңда жүрсін жақсы адам», Ұлтық тәрбие бағытында «Тыйым сөздер мен ырымдар», көп мәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие бағыты бойынша «Менің әлемім мейрімділікпен сұлулық әлемі» және «Ханзада мен Ханшайым» атты күзгі сайыс пен сынып сағаттары өткізілді.



Қараша айында мінез-құлық мәдениетіне,оның ішінде интернет кеңістігіндегі кибер қауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу бағытында «Мен армандайтын болашақ»,экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында «Теңге-ұлт мақтанышы» және жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа тәрбиелеу,құқықтық тәрбие бағытында «Ел ертеңін ойлаған-Елбасы» атты сынып сағаттары мен танымдық сабақтар өтті.



Желтоқсан айында «Тәуелсіздік таңы атқан күн» 16-желтоқсан тәуелсіздік күніне танымдық сабақ өткізіліп оқушыларымыз марапатталды және «Қош келдің Жаңа жыл!» сынып ішілік мерекелік сағат өтті.



Қаңтар айында зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағытында «Асыл сөзді издесең, Абайды оқы ерінбе!», интернет кеңістігіндегі кибер қауіпсіздік мәдениетіне тәрбиелеу бағытында «Интернетсіз бір күн» атты пікір алмасу сағаты, рухани адамгершілік тәрбие бағытында «Адам бойындағы асыл қасиеттер» атты сынып сағаттары өткізілді.

Ақпан айында еңбекке тәрбиелеу бағытында «Таза болса табиғат, аман болар адамзат», құқықтық тәрбие бағытында «Біз құқықбұзушылыққа қарсымыз», зияткерлік тәрбие бағытында «Кім жүйрік» атты сұрақ-жауап сайысы өткізілді.



Наурыз айында дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағытында «Күн тәртібі не үшін қажет?» әңгіме сағаты, эстетикалық тәрбие бағытында «8-наурыз мерекелеріңізбен» құттықтау, ұлтық тәрбие бағытында «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні!» сынып сағаты ата-аналарымен бірге, 7-8-9 сыныптар аралығында «Атадан қалған өсиет» атты шығармашылық сайыс өткізілді.



Сәуір айында еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытында «Еңбек түбі – береке», рухани адамгершілік тәрбие бағытында «Татулық – достықтың киелі бесігі» танымдық сабақтары өткізілді.


Мамыр айында жаңа қазақстандық патриотизм және азаматтыққа

тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағытында «Бейбіт күн жасасын әлемде!», отбасы тәрбиесі бағытында «Мен отбасыммен мақтанамын!» сынып сағаттары өткізілді.



Оқушыларға жыл бойына тәрбие саласының барлық бағыттары қамтылған танымдық сабақтар өткізілді. Сынып сағаттары жоғарғы деңгейде өткізіліп, құндылықтар жүйесін түсінетін, өзін және өзгені бағалайтын, өз ісіне сын көзбен қарай алатын, ұлттық салт-сана мен әдеп ғұрыпты меңгерген оқушы тәрбиеленуде деп ойлаймыз.

Бекітемін: 
Мектеп директоры: М.Аяпбергенов

Келісемін: 
ТІЖО: Г.Қазыбаева



**«Төректі негізгі мектеп» КММ-нің
7-8-сынып жетекшісі Жайықова Айтолқынның
2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарының
жылдық есебі**

2021-2022 оқу жылы